

Қазіргі таңда ақпараттық технология мен телекоммуникация құралдарының жедел түрде дамып, әлемдеге ақпараттың жыл сайын еселеңіп осуі нәтижесінде білім және технологияның жаңа салалары қарқынды дамуда. Мемлекет басшысының халық-қа ариаган Жолдауында заман талабына сайцифрандыру, ^{бірақ} ақпараттық технологияны жедел дамыту керектігін, білім беру саласында оқытудың да озық әдістерін менгеруді міндеттеген еді.

Әлемге қауіп төндірген ін-
дет салдарынан қашықтық-
тан білім беру форматын енгі-
зуге тұра келді. Сондықтан
да қашықтықтан білім беру
технологиясын жақсы мең-
геру керектігін қазіргі таңда
әмір талап етіп отыр. Бул қа-
шықтықтан оқыту технологиясы
оқытушының студент-
пен оқыту құралдары арқы-
лы интерактивті қарым-қаты-
нас іс әрекеті үрдісін үйим-
дастыруға мүмкіндік беретін

БІЛІМДІ ШЫҢДАУҒА МУМКІНДІК БЕРГЕН ЖҮЙЕ

ақпараттық-педагогикалық
әдіс-тәсіл.

Қазіргі қызын сәтте сан қырлы
лар әрі курделі мәселелерді жүзеге асыруда мұғалімнің атқару рөлі орасан ғана әрі ауыр,
әрі жауапты міндет жүгі жүктелді: ол қыска мерзімді оқу
жоспарын дайындалап, оны қашықтықтан білім беру жүйесімен
астасстырып бейімдейді, оқу үрдісінің барысын қадағалап, тапсырмаларды орындау
барысында, өз бетімен бақылау-пісықтау жұмыстарын орындау жөнінде ұсыныстар береді. Бұл ретте қашықтықтан оқыту жүйесінің әдістерінде көрсетілгеніндей, қоңіл-күй, психологиялық қарым-қатынас бой көрсетеді.

Қашықтықтан оқыту тәсілі бойынша жұмыс істейтін педагог оқытудың жаңа технологиясын, оқытудың компьютерлі және тораптық жүйелерін жетік біліп, олармен іс жүргізу ісін орындау шарт.

адамның білім алуға және
ақпарат алуға деген құқық-
тарын іске асыратын үздіксіз
білім беру жүйесі нысандары-
ның бірі ретінде мамандар-
дың мемлекеттік қызметін атқара-
жүріп білімін, біліктілігін арт-
тыруға мүмкіндік береді.

Бүгінгі таңда ақпараттық қамтамасыз ету жүйесіне баса мән бермейінше, білім берудің ақпараттық технологияларын, дәлірек айтқанда, электрондық оқулық және бейнефильмдерді, басқа да электрондық басылымдарды қашықтықтан оқытудың спутниктік арнасы арқылы ендірмейінше, кез келген әлеуметтік-экономикалық саланың алға басуы мүмкін емес.

Оқыту білім беру процесіне қатысушылардың інтерактивті әрекетін қашықтықтан алғып тастанды деген сенім қате болып табылады. Кейір жағдайларда бұл одан да тиімдірек, ейткені ол әркайсысының мүмкіндігін ес-

керуге мүмкіндік береді. Біз топта пікірталас үйымдастыра аламыз, жаңа материалды оқып білу және тапсырмаларды орындау кезеңінде сөйле-сé аламыз. Осы мақсатта дұрыс білім беру порталын таңдау керек немесе хабар алма-су, я болмаса чат арқылы са-палы кері байланыс құру қажет. Топта орындау үшін бір-неше тапсырмаларды жасау-га тырысыңыз. Мұның бәрі ашық құжаттардың, веби-нарлардың, жәлілік ресурс-тардың заманауи технологиялардың көмегімен жүзеге асырылады.

Қашықтықтан оқыту жу-
йесінің рөлі қазіргі таңда
білім саласы үшін өте жо-
гары, себебі бұл жүйе арқы-
лы мұғалімдер мен оқушы-
лар әлемдік ақпараттармен
байланысуға, білімдерін он-
лайн жалғасыруға, ғылыми
және шығармашылық жұмыс-
тарын жетілдіруге, әлемдік
ақпарат кеңістігінде білімін
шындауға зор мүмкіндік
алады.

**Айнур САДЫРБАЕВА,
М.Әуезов атындағы
Оңтүстік Қазақстан
Университеті,
«Мұнайгаз ісі»
кафедрасының
доценті, т.ғ.к.**